



Haileybury Almaty

Ата-аналар анықтамалығы 2025 – 2026

Тарих және дәстүрлер

Әр оқушы – Haileybury ғаламдық отбасысының мүшесі. Әр оқушы Haileybury дәстүріне өз үлесін қоса алады. Біз ортақ белгі, терминология және Haileybury отбасымен бөлісетін жоғары сапалы білім беру қағидаларын ұстанатынымызды мақтан тұтамыз.

Сапалы және ынталандырушы білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу арқылы әлемдік деңгейдегі университеттерде академиялық жетістіктерге жету үшін әр оқушының потенциалын ашу.


Оқушыларға спортпен, бейнелеу өнерімен айналысуға, көшбасшылық қабілеттерін көрсете отырып, топта жұмыс істеуге мүмкіндік беру арқылы әр оқушының потенциалын ашу.

Әрбір оқушыға қамқор болу және оның аман-саулығын қамтамасыз ету, оқушыларды әлем азаматтары ретінде өмірге дайындайтын қайырымды Haileybury

қоғамдастығы аясында берік моральдық нысаналарды дамыту.

Қазақстан Республикасы және Haileybury мектептерінің дәстүрлерін, құндылықтарын, мұраларын және мәдени әртүрлілігін адамгершілік мінезде және қоғамдық қызметте бейнелеу үшін Haileybury қоғамдастығымен қарым-қатынас арқылы әр оқушының жеке басын дамыту.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, мектептегі барлық оқушылар тең және қолдаушы қауымдастықтың бөлігі болып табылады. Оқушылар мектепте оқуды мақтан тұтады, бекітілген мектеп формасын киеді және сенімі және/немесе діні бойынша кемсітушіліктің кез келген түрінен аулақ болады. Біздің мектеп қауымдастығы интернационалды және алуан-түрлі және бұл құндылықтарды әрқашан қолдау маңызды.



Мектеп директорының сөзі

Балаңыздың Haileybury мектебінде оқуын бастайтынына біз секілді сіз де қуаныштысыз деп үміттенеміз.

Мектебіміздің қызметі басқаларды құрметтеу, мамандыққа деген сүйіспеншілік пен ізденіс рухы басымдыққа ие құндылықтар жүйесіне негізделген. Біз барлық оқушыларға осы жүйенің аясында дамуға және өсуге көмектескіміз келеді. Оларға өз қабілеттерін танып, дамытуы үшін көп мүмкіндік бергіміз келеді. Олардың білім алуын, академиялық және әлеуметтік талаптарға сай болуын, білімді, тәжірибелі және өзіне сенімді болуын қалаймыз.

Haileybury білім беру философиясында балаңыздың бізбен құратын қарым-қатынасының маңыздылығы көрсетіледі. Бастауыш мектептегі сынып жетекшісімен және Жоғары мектептегі пән мұғалімдері, Хаус кураторларымен, Хаус жетекшілерімен қарым-қатынастар біз сіздің балаңыздың үлгеріміне ғана емес, оқу барысында тәрбие жұмысына

да үлкен жауапкершілікпен қарайтынымыздың бір дәлелі болып табылады.

Сыныптастар арасындағы қарым-қатынас олардың өз бетімен жұмыс жасау алатын және жауапкершілігі мол тұлға болып қалыптасуында да маңызды. Мектеп пен оқушылардың ата-аналары арасындағы сенімді және берік қарым-қатынас – баға жетпес құндылық.

Бұл анықтамалық ата-аналарға мектептің құрылымы мен іс-әрекетін толықтай түсінуге көмектесуге арналған. Біз бәріміз сіздің балаңыздың академиялық тәжірибесінің өте жағымды болғанын қалаймыз. Біз бұл мақсатқа бірге, тығыз ынтымақтастықта қол жеткізе алатынымызға сенімдіміз.

Біз

- үнемі өзгеріп жатқан әлемде керемет нәтижелерге қол жеткізуді
- төзімділік, тапқырлық және сенімділік сияқты қасиеттерді

дамытатын қоғамдастықтың жұмыс істеуін академиялық стандарттардың ең жоғары сапасын

- әр мүшесі жоғары бағаланатын бақытты және қолайлы оқу ортасын
- оқушыларымыздың болашақта әлемдік көшбасшылар және жауапты азаматтары болуы үшін дұрыс дайындықты қамтамасыз ету үшін бар күшімізді саламыз.

Дүние жүзінің ең беделді университеттеріне әлемнің дамуына үлес қосқысы келетін, адамгершілік ұстанымдары жоғары, жан-жақты дамыған студенттер қажет екенін түсінеміз.

Жоғары оқу үлгерімінен бөлек бұл университеттер мықты мінезді студенттерді іздейді.

Сізді балаңыздың Haileybury Almaty мектебінде білім алуы кезінде оның оқу процесін қуанышты, қауіпсіз, білімді және қызықты ету үшін бізбен серіктес болуға шақырамын.



Саймон Миллс
Мектеп директоры

Haileybury Almaty оқушыларының ата- аналарына ұсынымдарымыз

Балаңыз үшін Haileybury Almaty мектебін таңдағаныңызға өте қуаныштымыз. Мектеп ұжымы мен басшылығы оқушыларға тек оқуда ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық дамуына да қолдау көрсетуге әрқашан дайын.

Haileybury Almaty оқушыларды арнайы емтихан қорытындылары бойынша қабылдайды. Мектепке түсу – оқушылар, ата-аналар мен қызметкерлер үшін үлкен мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Білім беру саласындағы зерттеулерге сәйкес, ата-аналардың балаларының білім алуына және олар оқитын мектептің өміріне қатысуы олардың балаларының оқу жетістіктеріне ықпал етеді. Бұл анықтамалықта біз Haileybury Almaty ата-аналарына мектеп пен ата-ана баланың оқуына және жеке дамуына көмектесу үшін бірлесіп жұмыс істей алатыны туралы, мектеп ережелері туралы ақпарат бердік, Haileybury құндылықтары мен қағидалары туралы бағалы кеңестермен бөлістік.

Haileybury Almaty – оқушылардың немесе қызметкерлердің нәсілі немесе этникалық тегімен емес,

оқыту әдістерімен, этикасымен, құндылықтарымен және оқу бағдарламасымен сипатталатын тәуелсіз британдық халықаралық мектеп. Haileybury Almaty мектебін таңдағаныңыз біздің білім беру стилін таңдағаныңызды білдіреді.

Балаңызды Haileybury Almaty мектебіне оқуға бергенде сіз біздің бірегей құндылықтарымызды, қағидаларымызды, оқыту әдістері мен оқу жоспарын қабылдайсыз. Сізге осы аспектілердің барлығын түсінуге әрдайым көмектесуге дайынбыз, бірақ біз ешбір жағдайда басқа тараптардың пікірлері немесе құндылықтарын ескереміз деп өз құндылықтарымыздан бас тартпаймыз.

Барлық ата-аналар мектеп ұжымының кәсіби біліктілігіне, олардың оқушылар үшін Haileybury Almaty мектебін барлық басқа мектептерден ерекшелендіретін бірегей оқу ортасын қамтамасыз ететініне сенімді болуы керек.

Ең бастысы, мектеп те, ата-ана да балалардың бақытты, дені сау, жауапты және табысты болуын қалайды.



Әр баланың әлеуетін ашу

Біздің миссиямыз

Оқушыларға мектеп қоғамдастығында оларға академиялық, физикалық, мәдени және әлеуметтік мүмкіндіктерін жаһандық және болашақ контекстте іске асыруға мүмкіндік беретін білім алу тәжірибесіне ие бола алатын жағдайлар жасау.

Мектеп мақсаттары


1. Өз іс-әрекеттерінде орнықтылық, жүйріктік, жинақылық, батылдық және білуге құмарлық тәрізді қасиеттерді көрсете алатын оқушыларды дамыту.
2. Бұл дағдыларды сұрақтардың кең және теңдестірілген ауқымын, сабақтан тыс іс-шаралар, сапарлар мен арнайы іс-шараларды қамтитын, әрі ішкі және сыртқы деректер мен бақылау көрсеткіштерін қолдану арқылы бағаланып отыратын оқу жоспарының көмегімен көтермелеу.
3. Оқушыларымыздың этикалық мінез-құлық танытуына түрткі болу, олардың өз құқықтары мен міндеттерін, бірлескен

жұмыс әрі көшбасшылықтың қажеттілігін, қоғамға үлес қосудың маңыздылығын түсінуін қалыптастыру.

4. Қазақстан Республикасы мен Haileybury мектебінің салт-дәстүрлері, құндылықтары, мұрасы және мәдени әртүрлілігін өз мінез-құлығымызда және жұмысымызда көрсету.

Барлық Haileybury мектептері секілді біз оқушыларымызды қауіпсіз және қамқоршыл оқу ортасымен қамтамасыз етуді, мұғалімдердің үнемі оқушыларды қолдауына мүмкіндік жасауды қалаймыз. Haileybury мектебінің бір ерекшелігі – оқушыларға жауапкершілікті сезіну және оң қарым-қатынасты сақтауды дағдыландыра отырып, жоғары академиялық стандартқа қол жеткізуде қолдау көрсету.

Миссиямыз бен жоғары тиімді білім беру қағидаларына байланысты осы маңызды құндылықтар мен мүмкіндіктер Haileybury Almaty-да іске асырылатын академиялық және білім беру үдерісі барысында үнемі жетілдіру үстінде болады.



Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынас



Мектеп өз қоғамдастығы мүшелерін Haileybury Almaty шаралары және оның оқушылары туралы хабардар ету үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

Мұғалімдер мен Хаус кураторлары сіз үшін негізгі байланыс тұлғалары болып табылады. Бұл адамдар балаңыздың мектеп өмірінде маңызды рөл атқарады. Мектептегі әрбір оқушының үлгерімі олармен мұқият қадағаланады, олар – мектеп пен отбасы арасындағы маңызды буын, оқушының жалпы аман-саулығы үшін жауап береді.

Бастауыш мектепте күнделікті тақырыптардағы барлық хаттар алдымен балаңыздың мұғаліміне жіберіледі.

Егер сұрағыңыз сәл күрделірек болса, жас тобы жетекшісіне хабарласуыңыз керек, ол сіздің хатыңызды міндетті түрде оқып,

сізге жауап береді.

Жоғары мектепте күнделікті тақырыптардағы барлық хаттар алдымен балаңыздың Хаус кураторына жіберіледі. Егер сұрағыңыз сәл күрделірек болса, балаңыздың Хаус жетекшісіне хабарласыңыз. Хаус кураторлары мен Хаус жетекшілері сіздің хаттарыңызды тиісті қызметкерге жіберіп, мәселеңізді шешу жолдарын қарастырады.

Егер сұрағыңыз одан да күрделірек болса, тәртіпке қатысты сұрақтар бойынша - Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына, ал оқуға қатысты сұрақтар бойынша Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына хабарласыңыз.

Кімге хабарласу керек?

Haileybury Almaty үшін ата-аналар мен қоғамдастық мүшелерінің пікірлері өте маңызды. Мектептің кері байланысы оның жалпы қоғамдастықпен ашық қарым-қатынас орнатуға ұмтылатынын көрсетеді. Мектеп, бөлім немесе қызметкерлер туралы пікірлер тез, адал және уақтылы түрде қарастырылады, барлық пікірлердің құпиялылығы сақталады. Шағымдар стандарттарды жақсарту және болашақ шағымдардың алдын алу үшін пайдаланылатын сындарлы ұсыныстар ретінде қабылданады. Ата-аналарға түсініспеушіліктерді бейресми түрде, ең алдымен сынып жетекшісімен немесе Хаус кураторымен сөйлесу арқылы шешуге болады. Мәселені бірден жеке кездесу барысында анықтап, түсініспеушіліктерді жоюға болады.

Егер мұндай сөйлесуден кейін мәселе шешілмесе, ата-аналар жоғары лауазымды қызметкерге хабарласуы керек.

Егер шағым директордың өзіне берілсе, онда ол жазбаша нысанда Басқарушылар кеңесі төрағасының атына жолдануы тиіс.

Жоғары мектепте әрбір оқушының білім деңгейіне қарамастан қабілеттерін жетілдіретін оқу ортасы жасалған. Біз әрбір оқушының жоғары нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз

ететін «Жоғары тиімді білім беру» қағидаттарын оқу үдерісіне енгіземіз және оларға сәйкес Haileybury оқыту әдістерін дамытамыз. Біз сондай-ақ оқу жоспарымызға тұрақты даму мәселесін енгізгіміз келеді, осылайша оқушылармыздың университетке түсу, содан кейін жұмысқа орналасу кезінде кездестіре алатын нақты мәселелерді қазірден бастап оқушыларымызға түсіндіріп келе жатырмыз. Біздің мақсатымыз – оқушыларымызға үздік iGCSE және A level нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін сапалы және қатал оқу бағдарламасын құру, сонымен қатар біздің түлектерге әлемнің үздік университеттеріне түсуге көмектесетін университетке қабылдау сұрақтары бойынша кеңесшілерден тұратын кәсіби командамен үздіксіз ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Haileybury Almaty кейбір мәселелерді ресми процедураларсыз, бейресми түрде шешуге болатынын мойындайды.

Біздің шағымдарға қатысты ережелеріміз haileybury.kz сайтында келтірілген.

Жоғары басшылық



Саймон Миллс
Мектеп директоры



Хақимжан Малаев
Бас директор



Рада Пандья
Директордың
орынбасары



Александра Пак
HR директор



Даршак Пандья
Директордың
орынбасары
(Жоғары мектеп,
оқушылардың
қауіпсіздігіне
жауапты маман)



Софи Лайтаулерс
Жоғары мектептің
оқу бөлімі
басшысының
көмекшісі (оқу
бөлімі)



Лиз Кёртон
Жоғары мектептің
оқу бөлімі
басшысының
көмекшісі (тәрбие
жұмысы)



Эндрю Вотсон
12-13 сыныптар
жетекшісі



Мэттью Хант-Браун
Бастауыш мектеп
жетекшісі



Дэниел Скотт
Бастауыш мектеп
жетекшісінің
орынбасары



Мектептегі қауіпсіздік және күзет қызметі

Мектеп оқушылардың, қоғамдастықтың және Haileybury Almaty қонақтарының қауіпсіздігінің ең жоғары деңгейін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Мектепке кірген кезде барлық ата-аналар/ қамқоршылар тиісті кіреберіс арқылы кіріп, қауіпсіздік хаттамаларына қол қойып, көрінетін жерде рұқсатнама тағып жүруі керек. Қауіпсіздік мақсатында қызметкерлер оларға келе жатқан тұлғалар туралы алдын ала біліп отыруы керек. Барлық келушілер мектептен шыққан кезде қол қояды.

Ата-аналар негізгі қабылдау бөлімінде және Бастауыш мектептің күту аймағында жүре алады. Ата-аналар мектеп бөлмелеріне немесе басқа аймақтарына тек белгілі бір қызметкердің шақыруы бойынша кіре алады. Оқу уақытында ата-ананың оқу үдерісіне араласпауы маңызды. Ата-аналар тек шақыру бойынша мектепке келіп, балаларына жарыстар, спорттық немесе басқа да шаралар кезінде қолдау көрсете алады.

Дәретханалар негізгі қабылдау бөлімінде және Бастауыш мектептегі күту аймағының жанында бар. Келушілер оқушыларға арналған дәретханаларды пайдалана алмайды.

Оқушыларды әкелетін және алып кететін көліктер тек арнайы бөлінген орындарға қойылуы керек. Жүргізушілер әрқашан баяу

жүріп, жаяу жүргіншілерге назар аударуы керек. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп маңындағы көлік қозғалысы қатаң бақылауға алынған.

Мектепке кіреберісте Жоғары мектеп оқушыларын әкелетін көліктер шлагбаумның алдынан солға бұрылып, төменгі тұраққа қарай бет алады. Содан кейін Жоғары мектеп оқушылары мектепке 7-ші кіреберіс арқылы кіріп, футбол алаңының бойындағы жолмен (алаңды кесіп өтпей) жүре алады. Бастауыш мектеп оқушыларын алып келетін көліктер мектеп тас жолы бойымен мектептің артындағы жоғарғы тұраққа дейін жүріп, сол жерде тұра алады немесе бұрылып, екі «тұрақ» пунктінің біріне – Бастауыш мектептің кіреберісіне немесе Негізгі кіреберіске – қайтып бара алады. Шлагбаум жабық болса, көліктер төменгі автотұраққа қойылады.

Мектепке келетін барлық көліктер қатаң бақыланады. Жылдамдықты асырған немесе жол ережелерін бұзған көліктер алдағы уақытта мектеп аумағына жіберілмейді.

Барлық келушілер мектептің темекі шегуге қарсы саясатын құрметтеуге тиіс. Мектеп аумағында темекі шегуге қатаң тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты

Haileybury Almaty балаларды қорғау мен олардың аман-саулығын қамтамасыз етуге қатысты міндеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарайды.


Мұндай міндеттерге баланы зорлық-зомбылықтан қорғау, оның денсаулығының немесе даму деңгейінің нашарлауына жол бермеу, балаларға қауіпсіз және қамқоршыл орта ұсыну және олардың ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау кіреді.

Балаларды және қоғамдастықтың барлық мүшелерінің пікірлерін ескеру балалардың қауіпсіздігі мен аман-саулығы үшін маңызды. Haileybury Almaty-да ашық сөйлеу мәдениеті орнатылған. Мектеп қандай да бір мәселе туралы ертерек хабарлау арқылы баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болатынына сенімді.

Haileybury Almaty мектебінде барлық ересектер, соның ішінде мұғалімдер, Хаус жетекшілері, әкімшілік қызметкерлер, еріктілер, уақытша қызметкерлер және басқарушылар оқушыларды зияннан қорғауда белсенді рөл атқарады. Баланың аман-саулығы – біздің басты міндетіміз.

Haileybury Almaty-ның барлық қызметкерлері әр баланың әлеуметтік, физикалық және моральдық дамуына ықпал ететін қамқор, жағымды, қауіпсіз және ынталандыратын ортаны қамтамасыз етеді.

Haileybury Almaty бала неғұрлым қорғалған болса, соғұрлым табысты болатынына сенеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты мен нұсқауларымыз мектеп веб-сайтында (www.haileybury.kz) келтірілген.





Ағылшын тілді орта



Haileybury Almaty мектебінде оқыту және қарым-қатынас тілі – ағылшын тілі. Қызметкерлер мен оқушылар мектепте осы негізгі ұстанымды сақтауға келесі екі маңызды себепке байланысты бар күшін салады:

- Ағылшын тілі мектеп оқушыларының көпұлттылығын ескере отырып, жалпы қарым-қатынас тілі болып табылады.
- Ағылшын тілі - көптеген Haileybury оқушылары үшін екінші немесе қосымша тіл.

Оларға мектепте тіл үйренуге көп мүмкіндік беру өте маңызды.

Барлық қызметкерлердің ағылшын тілін қоғамдық орындарда, әсіресе оқушылар жақын жерде қолданғаны дұрыс. Ата-аналар бізге ағылшын тілді ортаны қамтамасыз етуге және сақтауға көмектеседі деп үміттенеміз.

Әлеуметтік желілер

Haileybury Almaty оқушыларды әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді, соның ішінде WhatsApp-ты дұрыс пайдалануға үйрету үшін көп жұмыс істейді. Оқушыларға арналған ережелеріміз бен нұсқауларымыз АКТ-ны орынды пайдалану жөніндегі мектеп саясатында анық көрсетілген, сонымен қатар ол біздің веб-сайтымызда келтірілген.

Haileybury Almaty қоғамдастығында кез келген адамның (оның ішінде ересектердің) әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалануын қамтамасыз ету үшін назарыңызды әлеуметтік желіні пайдаланудың үш жалпы аспектісіне аударғымыз келеді.

1. Haileybury Almaty-да мектепке қатысты мәселелерді хабарлаудың нақты процедуралары бар: екі мектептегі Хаус кураторымен, Хаус жетекшісімен, сынып жетекшісімен немесе оқыту бөлімінің қызметкерлерімен байланысу (тиімді қарым-қатынас орнату үшін аудармашылар шақырылады). Haileybury Almaty әлеуметтік

желі арқылы түскен шағымдарды қарастырмайды.

2. Оқушы немесе қоғамдастық мүшесі туралы теріс немесе құрметтемеушілік білдіретін пікірлерді жариялау үшін әлеуметтік желіні пайдалану орынсыз және оған қысым көрсету ретінде қарастырылуы мүмкін. Haileybury Almaty бұл мәселелерге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Ережелерімізді бұзған оқушылар мектептен шығарылуы мүмкін.

3. Әлеуметтік желілерде мектептің беделі мен абыройына нұқсан келтіретін жазбалар орынсыз. Haileybury Almaty бұл мәселелерге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Ережелерімізді бұзған оқушылар мектептен шығарылуы мүмкін.

Мектеп ұжымының әрбір мүшесі балаларға жақсы үлгі көрсетіп, оларға жаңа технологияларды тиімді пайдалануды үйретеді деп үміттенеміз.



Жаңа ата-аналарға арналған кеңестер - Haileybury Almaty-да оқуға дайындық



Даршак Пандья
*Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары және қауіпсіздікті
қамтамасыз ету жөніндегі жауапты
қызметкер (DSL)*

Біздің білім беру философиямыз мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастыққа негізделген. Баланың жетістігі отбасындағы және мектептегі қолдауға тәуелді. Төменде балаңызды Haileybury Almaty-ға түсуге дайындау тәсілдері келтірілген:

- Мектепке және баланың қабілетіне оң көзқарас пен сенімділік танытыңыз. Ата-ананың сенімі олардың оқу ортасының қауіпсіздігіне деген сенімді арттыра алады.
- Ынтаңызды көрсетіңіз! Физиологиялық тұрғыдан алғанда, толқу мен қорқыныш бір-бірінен ерекшеленбейді, сондықтан сіз қорқынышты ынта-жігерге айналдыруыңыз керек: сіздің балаңызға пайдасы тиеді деп ойлайтын жаңа шытырман оқиғасы басталғанына қуаныңыз. Балаңыз парасатты, тәуелсіз және сенімді болып өсетініне қуаныңыз. Есіңізде болсын, сіздің балаңыз оны болашақ көшбасшылар қатарына қосатын қызықты саяхатқа аттанып жатыр!
- Бейімделу процесі туралы айту керек. Бала өмірде өзгерістер бар екеніне сенімді болуы керек, бұл қазіргі оқушыларға да, жаңа оқушыларға да қатысты. Жаңа жерге бейімделу тез болмайтынын, мысалы, бір триместрде болмайтынын түсіну керек. Сіздің балаңыз триместр сайын ортасына жаңадан бейімделуі мүмкін, бірақ уақыт өте ол толықтай бейімделе алады.
- Егер ата-анада баласына қатысты ерекше алаңдаушылық болса, қызметкерлерімізге хабарласу керек. Сондай-ақ, барлық мәселелеріңізді сіз Даршак Пандьямен d.pandya@haileyburyalmaty.kz электрондық поштасына хат жіберу арқылы талқылай аласыз.

Күн тәртібі

Бастауыш мектеп Мектепалды даярлық тобы

Мектепке келу	7:30 – 8:00
Сынып жетекшісі – Таңғы сабақ	8:00 – 9:00
1 сабақ	9:00 – 9:30
Үзіліс	9:30 – 10:00
2 сабақ	10:00 – 11:00
3 сабақ	11:00 – 12:00
Түскі ас	12:00 – 12:30
Үзіліс	12:30 – 13:00
4 сабақ	13:00 – 14:00
5 сабақ	13:00 – 14:30
ССА (жеңіл тамақ беріледі)	14:30 – 15:30



Бастауыш мектеп 1 - 2 сыныптар

Мектепке келу	7:30 – 8:00
1 сабақ	8:00 – 8:30
2 сабақ	8:30 – 9:30
Үзіліс	9:30 – 10:00
3 сабақ	10:00 – 11:00
4 сабақ	11:00 – 12:00
Түскі ас	12:00 – 12:30
Үзіліс	12:30 – 13:00
5 сабақ	13:00 – 14:00
6 сабақ	14:00 – 15:00
ССА (жеңіл тамақ беріледі)	15:00 – 16:00





Бастауыш мектеп 3 – 6 сыныптар

Мектепке келу	7:30 – 8:00
1 сабақ	8:00 – 9:00
2 сабақ	9:00 – 10:00
Үзіліс	10:00 – 10:30
3 сабақ	10:30 – 11:30
4 сабақ	11:30 – 12:30
Түскі ас	12:30 – 13:00
Үзіліс	13:00 – 13:30
5 сабақ	13:30 – 14:00
6 сабақ	14:00 – 15:00
ССА (жеңіл тамақ беріледі)	15:00 – 16:00



Жоғары мектеп

Мектепке келу	7:30 – 9:00
1 сабақ	9:00 – 10:00
2 сабақ	10:00 – 11:00
Үзіліс	11:00 – 11:30
3 сабақ	11:30 – 12:30
Хаус кураторы сағаты	12:30 – 13:00
Түскі ас	13:00 – 13:30
Үзіліс	13:30 – 14:00
4 сабақ	14:00 – 15:00
5 сабақ	15:00 – 16:00
ССА (жеңіл тамақ беріледі)	16:00 – 17:00

Сабаққа қатысу

Сабақтарға қатысу оқушылардың жоғары үлгерімінің кілттерінің бірі болып табылады және барлық оқушылардың өз әлеуетіне жетуін қамтамасыз етеді. Егер оқушылар табысты болғысы келсе, олар үнемі мектепке баруы және мектеп ережелерін сақтауы керек.

Ата-аналар балаларының мектепке жүйелі түрде баруын, мектепке уақытында келуін және тиісті форма киюін қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. Мектепке жүйелі бару балаңыздың жетістігі мен табыстылығы үшін өте маңызды. Баласының сабаққа қатысуын қамтамасыз ету үшін ата-аналар бірнеше маңызды қадамдар жасай алады:

- Баланың мектепке уақытында, күн сайын барлық қажетті құралдармен және дайындықпен келуін қамтамасыз ету қажет. Оқу күні 8.00-де басталады, сондықтан оқушылар мектепке 7.50-де келуі керек.
- Мектепке қолданыстағы электрондық пошта мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді беріңіз.
- Ата-аналар мектептен сабаққа қатысу және кешігу туралы хаттарға немесе телефон қоңырауларына жауап беруі керек.
- Баланы мектепке әкелу мүмкін болмай қалса, ата-ана баланың сынып жетекшісіне/кураторына хабарласуы керек.

Төменде ата-аналарға баланың мектепке келмегені туралы хабарлау жөнінде нұсқаулар берілген.

Жоспарланбаған сабақтан қалу

Оқушы сабақтан қалса, ата-ана мүмкіндігінше тезірек мектепке хабарласуы керек. Сынып жетекшісіне (Бастауыш мектеп) немесе Хаус кураторына (Жоғары мектеп) электрондық хат жіберіңіз. Сондай-ақ, қабылдау бөліміне хабарласып, балаңыздың аты-жөнін, оның сынып жетекшісінің/Хаус кураторының аты-жөнін атап, келмеу себебін айтуға болады.

Тел.: +7 (727) 355 01 00

Дауыстық хабарлама қалдыра аласыз немесе attendance@haileyburyalmaty.kz электрондық поштасына хат жібере аласыз.

Егер мектепке келмеу себебі туралы хабарланбаса, оқушының сабаққа келмеуі себепсіз сабаққа келмеуі ретінде қарастырылады.

Осындай келмей қалған жағдайда себебін білу үшін біз баланың отбасына телефон соғуға мәжбүрміз. Сырқаттанып қалған жағдайда оқушылар туралы деректер сәйкесінше жаңартылады. Егер бала ауырып қалса, ата-аналар мектепке күнде қоңырау шалуы немесе хат жазуы керек. Егер балаңыз мектепке қатарынан 3 күннен астам уақыт келмесе, медициналық анықтама беруіңізді сұраймыз.

Жоспарлы сабақтан қалу

Сабақ уақытында мектептен кету – үдеріс

Егер Бастауыш мектеп оқушысына күндіз мектептен кетуі керек болса, келесі әрекеттер орындалуы қажет:

Ата-ана баланың сынып жетекшісіне кемінде 24 сағат бұрын мектептен кету не үшін керек екенін жазып, электрондық хат жіберуі керек. Содан кейін мектеп Қабылдау бөліміне баланың мектептен негізгі кіреберіс арқылы шығуына рұқсаты бар электрондық хат жібереді. Егер сабаққа қатыспау дәлелді себептерге байланысты болмаса, мектеп сабақтан кетуге рұқсат бермеуге құқылы.

Дәрігерге мүмкіндігінше сабақтан тыс уақытта бару керек. Егер міндетті түрде бару керек болып тұрса, ата-аналар дәрігердің қабылдауын растағаннан кейін мүмкіндігінше тезірек мектепке хабарлауы керек. Оларға тіс дәрігері немесе маманмен кездесулер жатады.

Сыртқы емтихандарға дайындық демалыс немесе мереке күндері жүргізілуі керек. Оқу күндерінен гөрі демалыс күндері көп екенін ескеріңіз.

Қатыспаған сабақтар санын азайту үшін шетелдегі мектептермен сұхбаттар да демалыс кезінде жүргізіледі. Осындай сұхбат немесе тест тапсырғандықтан сабаққа келмеу рұқсат етілмейді. Мұндай жағдайлар оқушылардың сабаққа қатысу көрсеткішіне әсер етеді, олар «себепсіз сабаққа келмеу» ретінде тіркеледі.

Егер Жоғары мектеп оқушысына күндіз мектептен кетуі керек болса, келесі әрекеттер орындалуы қажет:

1. Ата-ана кемінде 24 сағат бұрын баланың Хаус кураторына немесе Хаус жетекшісіне мектептен кету не үшін керек екенін жазып, электрондық хат жіберуі керек.
2. Содан кейін Хаус жетекшісі мектептен кетуге рұқсат береді. Егер сабаққа қатыспау дәлелді себептерге байланысты

болмаса, мектеп сабақтан кетуге рұқсат бермеуге құқылы.

3. Содан кейін оқушы мектептен негізгі кіреберіс арқылы шыға алады.

Дәрігерге мүмкіндігінше сабақтан тыс уақытта бару керек. Егер міндетті түрде бару керек болып тұрса, ата-аналар дәрігердің қабылдауын растағаннан кейін мүмкіндігінше тезірек мектепке хабарлауы керек. Оларға тіс дәрігері немесе маманмен кездесулер жатады.

SAT, IELTS, TOEFL, SSAT сияқты сыртқы емтихандарға дайындық демалыс немесе мереке күндері өткізіледі. Оқу күндерінен гөрі демалыс күндері көп екенін ескеріңіз.

Қатыспаған сабақтар санын азайту үшін шетелдегі мектептермен сұхбаттар да демалыс кезінде жүргізіледі. Осындай сұхбат немесе тест тапсырғандықтан сабаққа келмеу рұқсат етілмейді. Мұндай жағдайлар оқушылардың сабаққа қатысу көрсеткішіне әсер етеді, олар «себепсіз сабаққа келмеу» ретінде тіркеледі.





Үйірмелер (ССА)

Қазіргі уақытта біз барлық оқушыларымызға оқу жылы бойы 150-ден астам ССА ұсынамыз.

Оқушыларға олардың қызығушылықтары мен құмарлықтарына сәйкес келетін ССА-лерге қатысуға кеңес береміз.

ССА бағдарламасы спорт, музыка, академиялық, шығармашылық өнер, тілдер, технология және т.б. салалардағы түрлі үйірмелерді қамтиды.

Үйірмеге қатысу оқушыларға практикалық дағдыларды дамытуға, жаңа қызығушылықтарды ашуға, сенімділікті және білімін арттыруға көмектеседі.

Қазіргі ССА-леріміз:

Сабақтарға байланысты:

Ғылыми клуб, STEAM, шахмат, кодтау, 3D модельдеу, робототехника, кітап клубы, пікірсайыс, Эдинбург герцогінің халықаралық сыйлығы.

Музыка және орындаушылық өнер:

Вокалдық ансамбль, домбыра, скрипка, үрмелі аспаптар ансамблі.

Шығармашылық өнер:

Сурет салу, тігу, Хама моншақтар, театрландырылған көрініс.

Спорт:

Йога, бадминтон, үстел теннисі, футбол, би, волейбол.

Жоғары сынып оқушыларына мектеп қызметкерлерінің жетекшілігімен жеке ССА жобаларын бастап, оларды басқару арқылы көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беріледі.

Оқушылардың бастамасымен жүзеге асырылатын жобаларға Data Science пен Junior Engineering сияқты пәндік бағыттар, сондай-ақ қоғамға пайда әкелетін әлеуметтік жобалар — Jaqsylyq қайырымдылық қоры, Active Hearts Association қауымдастығы және Unity in Action кіреді.

Бұған қоса, оқушылар ынтымақтастық пен сыни ойлау дағдыларын дамытатын Біріккен Ұлттар Ұйымы моделі (MUN) және Пікірталас сияқты клубтар құра алады.

Қосымша ақпарат немесе ССА-ға қатысты сұрақтар бойынша ССА үйлестірушісіне хабарласыңыз: aaliaskarova@haileyburyalmaty.kz.



Хаус

Хаус жүйесі Haileybury Almaty жүргізетін білім беру жұмысының орталығы болып табылады. Хаустар – мектеп ішіндегі шағын, бірақ тату қауымдастықтар; олар оқушылардың іс-әрекетіне әртүрлілік әкеледі және оқушыларға қолдау көрсетеді. Әрбір Хаусты Бастауыш мектептегі (мектепалды даярлық тобы - 6-сынып) және Жоғары мектептегі (7-13-сыныптар) сынып жетекшілеріне басшылық ететін Хаус жетекшісі басқарады. Хаус жетекшілері өз Хаусына жататын әрбір оқушының тәрбие жұмысына, оқу және жан-жақты дамуына жауапты. Әрбір Хаус жетекшісінің әрбір оқушы дамуының белгілі бір аспектісіне арналған жоспары мен стратегиялық бағыты бар. Бастауыш мектепте әр оқушы өз Хаусының іс-әрекетіне белсене араласады, ал әр оқушының жан-жақты дамуында Хаус жетекшісі үлкен рөл атқарады, дегенмен сынып жетекшісі тәрбие мен білім берудегі орталық тұлға болып қала береді.

Оқушылармен күнделікті қарым-қатынаста Бастауыш мектептегі сынып жетекшісі және Жоғары мектептегі Хаус кураторы басты тұлғалар болып табылады, алайда неғұрлым күрделі мәселелер жөнінде тиісті Хаус жетекшісіне хабарлау керек. Барлық жағдайлар мен мәселелер ISAMS жүйесінде тіркеледі, осылайша Хаус жетекшісі күнделікті өз Хаусындағы оқушылардың үлгерімі мен аман-саулығын қадағалап, бақылай алады.

Мектеп төрт Хаусқа бөлінген: Эттли, Бартл Фрер, Эдмонстон және Киплинг.

Хаус түсі



Хаус жетекшісі

Джонатан Лоуренс

jlawrence@haileyburyalmaty.kz

Нэйтан Кларк

nclark@haileyburyalmaty.kz

Кейт Флинн

kflynn@haileyburyalmaty.kz

Стивен О'Рурк

sorourke@haileyburyalmaty.kz



Мектепке қабылданған кезде бала мектеп Хаустарының бірінің қарамағына өтеді және мектеп бітіргенге дейін сол Хаустың мүшесі болып қалады. Хаустың мүшесі ретінде бала Хаус галстугы мен футболкасын оқу күндерінде немесе Хаус аралық жарыстар кезінде де киеді. Хаус жетекшісі оқу жылында оқушылардың дамуы үшін бірқатар түрлі іс-шаралар ұйымдастырады, соның ішінде:

- Спорт күні
- Қайырымдылық шаралары
- Музыкалық жарыстар
- Пәндік сайыстар

Хаустар жарыстарда жеңіске жеткені үшін ұпай жинайды. Әр оқу жылының соңында әр Хаус жинаған ұпайлар қорытындыланып, Хаустар арасында жеңімпаз анықталады.

Әр Хаустың өз капитаны және көшбасшылық міндеттерін атқаратын оқушылар бар. Бұл оқушылар Хаус жетекшілеріне оқушылардың Хаустағы іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етуге көмектеседі.



Медициналық пункт, медициналық және сауықтыру процедуралары

Біздің мектеп саясатымыз барлық оқушылар үшін қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Біздің процедуралар мұқият әзірленіп, барлық оқушыларға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде қаралады. Көмекші қызметкерлер мен жеке жаттықтырушылар тұрақты түрде алғашқы көмек көрсету бойынша тренингтерден өтеді. Мектебімізде медициналық пункт бар, оқушылар қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмекке жүгіне алады.

Ата-аналар/қамқоршылар мектепке балалары туралы медициналық ақпаратты жыл сайын беріп тұруы керек. Қосымша ақпарат белгілі бір іс-шаралардың алдында сұралады, мысалы, экскурсияларға немесе сапарларға шығу кезінде. Денсаулыққа қатысты мәселелер, кез келген өзгерістер, дәрі-дәрмектер немесе арнайы талаптар туралы ақпарат уақтылы берілуі керек.



Мектептегі медициналық пункт

Мектептің медициналық пункті Бастауыш мектептің атриумында орналасқан. Haileybury Almaty медициналық пунктінің жұмысы және оқушылардың денсаулығын бақылау туралы толық мәліметтерді сол жерден алуға болатын Медициналық пунктінің хаттамалары мен процедураларының анықтамалығында табуға болады; медициналық пунктте мектеп дәрігерлері мен медбикелері ұстанатын нұсқаулар да бар. Бұл саясаттар мен процедуралар Ұлыбританияның мектептегі денсаулық сақтау жөніндегі нұсқаулықтарына негізделген, бірақ олар сонымен қатар қазақстандық нұсқауларға сәйкес келеді. Мектептің медициналық пунктінде білікті дәрігер мен медбике жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда оқушылар оқу күні ішінде бұл жерге келе алады.

Медициналық пунктінің жұмыс уақыты:


Дүйсенбі – жұма, 8:00 – 17:00

Тел.: +7 (727) 355 01 00 (ішкі 208, 209)

Наталья Бекбулатова, мектеп медбикесі nbikbulatova@haileyburyalmaty.kz

Наталья Гоголина, мектеп дәрігері ngogolina@haileyburyalmaty.kz





Біз салауатты өмір салтын насихаттаймыз, және бала сырқаттанып қалған кезде ата-анаға нақты нұсқаулар береміз. Біз балалардың жиі бір-бірімен тығыз байланыста болатынын түсінеміз, сондықтан оқушыларымыздың денсаулығына байыппен қарайтынымызға және инфекция қаупін барынша азайтуға бар күшімізді салатынымызға сендіреміз.

Мектепке қабылдау кезінде барлық ата-аналар медициналық парақ толтырып, баласының екпе картасын береді. Осылайша, біз баланың денсаулығы туралы маңызды ақпаратты аламыз. Ата-аналар, сондай-ақ, егер бала мектепте ауырып қалса, медициналық қызметкерлер кімге хабарласа алатыны туралы бланкіде ақпарат береді. Байланыс деректері өзгерген жағдайда мектептің медициналық пунктіне хабарлауыңызды сұраймыз.

Баланың қызуы көтерілгенде (37,5-Стан жоғары),

іші ауырғанда оны үйіне жіберіп, сауығып кеткенше (дәрігердің анықтамасынсыз 2 күннен артық қалдыруға болмайды) үйде болуын сұраймыз. Бұл инфекцияның басқаларға жұғу қаупін азайтады. Сондай-ақ, стоматит сияқты балалар арасында жиі кездесетін жұқпалы аурулар үшін ерекше ережелер қарастырылған. Егер бір оқушы стоматитпен ауырса, тәуекел тобындағы барлық сыныптарды хабардар етіп, ата-аналарға сақтық шараларын қолдануды ескертеміз.

Аурудың белгілері байқалса, мұғалім оқушыны медициналық пунктке апарады. Медициналық пункт қажетті көмек көрсетеді, содан кейін балаға медициналық көмек немесе ауруханаға бару қажет болған жағдайда ата-анасымен байланысады. Егер сіздің балаңыз алғашқы медициналық көмек көрсету үшін медициналық пунктке барса, оған бару себебі туралы жазба беріледі, оны үйге апару қажет.

Басынан жарақат алған жағдайда мектеп ата-аналарға дереу хабарласады.

Медициналық пунктке дәрі-дәрмек саны шектеулі. Егер сіздің балаңыз ауырып, оған дәрі-дәрмек қажет болса, үйден жеткізілетін дәрі-дәрмектер дәрігер оларды мақұлдаған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Дәрілік заттар анық көрінетін нұсқаулары және толтырылған ата-ана рұқсат қағазы бар контейнерге салынуы керек.

Ата-ана келісімінің бланкілерін медициналық пункт қызметкерлерінен алуға болады.

Ата-аналарға нақты медициналық қажеттіліктер немесе балаға ерекше көңіл бөлу үшін медициналық пунктпен байланыста болған жөн.

Баланың денсаулығы нашарлағанда немесе ақпаратты жаңарту керек болса, медициналық пунктке хабарласыңыз.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Haileybury-мен байланыс

Бала Haileybury Almaty-ға оқуға түскен кезде ата-аналарға ата-аналар порталына кіру үшін арнайы деректер беріледі. Мектептегі Wi-Fi желісіне қосылу үшін оқушылар мен ата-аналар өздерінің құрылғыларын (ноутбуктер немесе планшеттер) мектептің АТ бөліміне әкелу керек. Сондай-ақ, мобильді құрылғылар арқылы порталға жылдам қол жеткізу үшін қажетті қосымшаларды жүктеп алуға болады.

Haileybury Almaty ата-аналармен қарым-қатынасында қағазды пайдалануды азайтуға тырысады, сондықтан біздің кіріспе нұсқаулығымызда мектептің барлық қарым-қатынас көздеріне, үлгерім туралы есептерге қалай қол жеткізуге болатынын көрсетеміз. Ата-аналар мектептің білім беру платформасын қолдана алады, бұл оларға баласының оқу жоспары, сабақ кестесі және үй тапсырмасы туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Біз секциялар мен үйірмелер ұйымдастырамыз; Интернеттегі мектеп күнтізбесі арқылы ата-аналар мектеп сапарлары, спорттық және басқа да іс-шаралар туралы ақпаратты қадағалап, баласын мектептен тыс іс-шараларға тіркей алады.

Мектеп ережелері

Мектеп веб-сайтында табуға болатын бірқатар маңызды мектеп ережелері бар. Көбірек ақпарат алу үшін біздің [вебсайтымызға](#) кіріңіз.



Мектеп дүкені

Мектеп формасын Esentai Mall сауда орталығының 2-қабатында орналасқан Haileybury Almaty мектеп дүкенінен сатып алуға болады.

Haileybury Almaty мектеп формасын мектеп оқушыларға үйрететін жоғары талаптардың көрсеткіші ретінде қарастырады. Сонымен қатар, мектеп көпшілік ата-аналардың бірыңғай мектеп формасы оқушылар арасында сәнді киім киюден туындайтын бәсекелестікке жол бермейді деген пікірін қолдайды. Haileybury Almaty оқушылары сабақ кезінде және мектепте ұйымдастырылған іс-шаралар кезінде мектеп формасының толық жиынтығын киеді.

Мақсаттар мен міндеттер

Мектеп формасына қатысты бұл ереже мектеп формасы:

- оқушының мектеп мүшесі болғанына мақтаныш сезімін тудырады;
- қоғамдастық пен мектепке қатыстылық сезімін қалыптастырады;
- ыңғайлы және талғампаз болып келеді;
- оқушылардың осы мектеппен байланысын білдіреді;
- оқушыларды сабақтан көңілін бөлетін киіммен мектепке келуге рұқсат бермейді;
- оқушыларға сыртқы келбеті жағынан өзін қатарластарымен тең сезінуге мүмкіндік береді;
- денсаулық пен қауіпсіздік талаптарын ескере отырып жасалған.



Мектеп формасы

Мектеп формасын мектеп дүкенінен және Esentai Mall дүкенінен сатып алуға болады. Төмендегі кестелерде әр жас тобындағы оқушыларға жазғы және қысқы маусымға қойылатын бірыңғай талаптар көрсетілген. Пенжек, жейде, шалбар/белдемше және галстук арнайы Haileybury Almaty үшін әзірленген. Галстук пен пенжек Haileybury таңбасымен безендірілген. Дене шынықтыру сабақтарында және спорттық іс-шараларда барлық оқушылар киюге міндетті спорттық формада да мектептің таңбасы бар.

Haileybury Almaty 4 Хаустан тұрады: Киплинг, Эдмонстон, Бартл Фрер және Эттли. Барлық оқушылар мектеп дүкенінен Haileybury Almaty Хаус футболкаларын, ал 3 және одан жоғары сынып оқушылары Хаус галстугын сатып алуы керек. Галстуктың түсі оқушының Хаусына байланысты.

Талаптар

- Haileybury Almaty Жоғары мектебі жастардың жеке талғамдары мен стильдерін білдіргісі келетінін түсінеді, бірақ осы ретте келесі ережелер қолданылады:
- Шаш ұқыпты, бетіне түспейтіндей болуы керек.
- Шамадан тыс шаш қиюға / сәндеуге / шашты ерекшелеуге, қасқа жолақ салуға тыйым салынады.
- Сағат кию рұқсат етілген.
- Бір жалпақ сақина киюге болады.
- Бір жұп қарапайым сырғаларды (сақиналар/

туннельдер емес) киюге болады.

- Алқалар мен білезіктер киюге болмайды.
- Татуировка жасауға болмайды.
- Зергерлік бұйымдарды дене шынықтыру немесе басқа практикалық жұмыстар кезінде киюге болмайды.
- Макияж өте жеңіл және байқалмайтындай болуы керек (мысалы, тушь).
- Тырнақтарды тек табиғи және байқалмайтын түстермен бояуға болады; тырнақ өсіруге болмайды.
- Жалған тырнақтар мен кірпіктерге жол берілмейді.
- Мектептегі денсаулық пен қауіпсіздік талаптарын сақтау мақсатында сәйкес келмейтін зергерлік бұйымдарды алып тастау керек.
- Қызметкерлерге сәйкес келмейтін зергерлік бұйымдарды тәркілеуге және оны оқу күні аяқталғаннан кейін қайтаруға рұқсат етіледі.

Сонымен қатар, Жоғары мектеп оқушылары әрқашан Haileybury бейджін киіп жүру керек. Сондықтан мектеп формасы ережелерін сақтамаған Жоғары мектеп оқушылары талаптарды орындамайтын оқушылар деп танылады. Оларға «Тәртіп, мадақтау және тәртіптік шаралар» туралы ережелерде келтірілен шаралар қолданылады. Мектеп ата-аналардың түсіністігіне үміттенеді және сыртқы келбетіне қатысты ережелерді сақтамайтын оқушыларды үйлеріне жіберуге құқылы.



Мектеп формасы

Бастауыш мектеп (Reception – 5 сынып)

Жазғы мектеп формасы

I	II
Ашық көк түсті Haileybury поло жейде	Ашық көк түсті Haileybury поло жейде
Ұлдарға арналған қысқа шалбар немесе ұзын шалбар	Жазғы көйлек немесе белдемше (ұзындығы тізеге дейін) немесе шалбар
Сұр немесе қара шұлық	Ақ немесе қара колготки немесе ақ шұлық
Қара былғары аяқ киім	Қара былғары аяқ киім (өкшесіз)
Хаус поло жейдесі	Хаус поло жейдесі
Haileybury сөмкесі Кішкентай (мектепалды даярлық тобы – 2 сынып) Үлкен (3 – 6 сыныптар)	Haileybury сөмкесі Кішкентай (мектепалды даярлық тобы – 2 сынып) Үлкен (3 – 6 сыныптар)

Қысқы мектеп формасы

I	II
Ашық көк түсті Haileybury поло жейде	Ашық көк түсті Haileybury поло жейде
Қою қызыл түсті жемпір	Қою қызыл түсті жемпір
Haileybury шалбары	Қыздар белдемшесі (ұзындығы – тізеге дейін) немесе Haileybury шалбары
Бір түсті сұр немесе қара шұлықтар	Бір түсті ақ немесе қара колготкалар
Қара былғары аяқ киім	Қара былғары аяқ киім (өкшесіз)
Хаус поло жейдесі	Хаус поло жейдесі
Haileybury сөмкесі Кішкентай (мектепалды даярлық тобы – 2 сынып) Үлкен (3 – 6 сыныптар)	Haileybury сөмкесі Кішкентай (мектепалды даярлық тобы – 2 сынып) Үлкен (3 – 6 сыныптар)



Мектеп формасы

Бастауыш мектеп (6 сынып)

Жазғы мектеп формасы

I	II
Haileybury қысқа жеңді жейде	Haileybury қысқа жеңді жейде
Ұлдарға арналған қысқа шалбар немесе ұзын шалбар	Жазғы көйлек немесе белдемше (ұзындығы тізеге дейін) немесе шалбар
Haileybury пенжегі	Haileybury пенжегі
Ұлдарға арналған хаус галстугы	Қыздарға арналған хаус галстугы
Бір түсті сұр, қара немесе ақ шұлықтар	Ақ немесе қара колготки немесе ақ шұлық
Қара былғары аяқ киім	Қара былғары аяқ киім (өкшесіз)
Хаус поло жейдесі	Хаус поло жейдесі
Haileybury сөмкесі	Haileybury сөмкесі
Үлкен (3 – 6 сыныптар)	Үлкен (3 – 6 сыныптар)

Қысқы мектеп формасы

I	II
Haileybury қысқа жеңді жейде	Haileybury қысқа жеңді жейде
Haileybury шалбары	Қыздар белдемшесі (ұзындығы – тізеге дейін) немесе Haileybury шалбары
Haileybury пенжегі	Haileybury пенжегі
Ұлдарға арналған хаус галстугы	Қыздарға арналған хаус галстугы
Бір түсті сұр немесе қара шұлықтар	Ақ немесе қара колготки немесе ақ шұлық
Қара былғары аяқ киім	Қара былғары аяқ киім (өкшесіз)
Хаус поло жейдесі	Хаус поло жейдесі
Haileybury көкшіл, жүннен жасалған пуловер	Haileybury көкшіл, жүннен жасалған пуловер
Haileybury сөмкесі	Haileybury сөмкесі
Үлкен (3 – 6 сыныптар)	Үлкен (3 – 6 сыныптар)



Мектеп формасы

Жоғары мектеп

Жазғы мектеп формасы

I	II
Haileybury пенжері	Haileybury пенжері
Haileybury логотипі бар ақ жейде	Haileybury логотипі бар ақ жейде
Хаус галстугы, ақ жейдемен киілуі керек	Хаус галстугы, ақ жейдемен киілуі керек.
Haileybury бэйджі Хаус түсті лентамен	Haileybury бэйджі Хаус түсті лентамен
Сұр Haileybury шалбары	Haileybury килт белдемшесі (тізеден жоғары болмауы керек)
Бір түсті сұр немесе қара шұлықтар	Дене түстес немесе қара колготкалар
Қара былғары аяқ киім (спорттық, бренд немесе басқа түсті аяқ киім болмайды)	Қара былғары аяқ киім (спорттық, бренд немесе басқа түсті аяқ киім болмайды)
Хаус жейдесі	Хаус жейдесі

Қысқы мектеп формасы

I	II
Haileybury пенжері	Haileybury пенжері
Haileybury жемпірі	Haileybury жемпірі
Haileybury логотипі бар ақ жейде	Haileybury логотипі бар ақ жейде
Хаус галстугы, ақ жейдемен киілуі керек.	Хаус галстугы, ақ жейдемен киілуі керек.
Haileybury бэйджі Хаус түсті лентамен	Haileybury бэйджі Хаус түсті лентамен
Сұр Haileybury шалбары	Haileybury килт белдемшесі (тізеден жоғары болмауы керек)
Бір түсті сұр немесе қара шұлықтар	Дене түстес немесе қара колготкалар
Қара былғары аяқ киім (спорттық, бренд немесе басқа түсті аяқ киім болмайды)	Қара былғары аяқ киім (спорттық, бренд немесе басқа түсті аяқ киім болмайды)
Хаус жейдесі	Хаус жейдесі



Мектеп формасы

12-13 сыныптар

Жазғы мектеп формасы

I	II
Sixth Form пенжері	Sixth Form пенжері
Haileybury логотипі бар ақ жейде	Haileybury логотипі бар ақ жейде
Көк Haileybury шалбары	Көк Haileybury шалбары немесе көк Haileybury белдемшесі
Haileybury бәйджі Хаус түсті лентамен	Haileybury бәйджі Хаус түсті лентамен
Хаус галстугы	Хаус галстугы, ақ жейдемен киілуі керек
Бір түсті сұр немесе қара шұлықтар	Дене түстес немесе қара колготкалар, ұзындығы тобыққа дейін келетін ақ шұлықтар
Қара былғары аяқ киім (спорттық, бренд немесе басқа түсті аяқ киім болмайды)	Қара былғары аяқ киім (спорттық, бренд немесе басқа түсті аяқ киім болмайды)
Хаус жейдесі	Хаус жейдесі

Қысқы мектеп формасы

I	II
Sixth Form пенжері	Sixth Form пенжері
Haileybury жемпірі	Haileybury жемпірі
Haileybury логотипі бар ақ жейде	Haileybury логотипі бар ақ жейде
Көк Haileybury шалбары	Көк Haileybury белдемшесі
Haileybury бәйджі Хаус түсті лентамен	Haileybury бәйджі Хаус түсті лентамен
Хаус галстугі, ақ жейдемен киілуі керек	Хаус галстугі, ақ жейдемен киілуі керек
Бір түсті сұр, қара немесе ақ шұлықтар	Дене түстес немесе қара колготкалар
Қара былғары аяқ киім (спорттық, бренд немесе басқа түсті аяқ киім болмайды)	Қара былғары аяқ киім (спорттық, бренд немесе басқа түсті аяқ киім болмайды)
Хаус жейдесі	Хаус жейдесі





Дене шынықтыруға арналған спорттық форма

Дене шынықтыру сабақтарында және мектепте өтетін спорттық іс-шараларда спорттық форма міндетті болып табылады. Спорттық форманы мектеп дүкенінен сатып алу керек. Nike және Adidas сияқты бренд заттардан тек аяқ киім, атап айтқанда футбол кроссовкалары, жіліншіктер қорғаушылар мен футбол шұлықтарын киюге рұқсат етіледі.

I	II
Haileybury спорттық костюмі	Haileybury спорттық костюмі
Спорттық футболка (Бастауыш және Жоғары мектеп ұлдары мен қыздарына бірдей)	Спорттық футболка (Бастауыш және Жоғары мектеп ұлдары мен қыздарына ортақ)
Ұлдарға арналған спорттық қысқа шалбар (көк)	Қыздарға арналған спорттық қысқа шалбар (көк) Көк легинстер (қысқа/ұзын)
Спортзалда өтетін сабақтарға арналған кроссовкалар (табаны қара болмауы керек) немесе спорт алаңында өтетін сабақтарға арналған кроссовкалар	Спортзалда өтетін сабақтарға арналған кроссовкалар (табаны қара болмауы керек) немесе спорт алаңында өтетін сабақтарға арналған кроссовкалар
Жіліншік қорғаушылар	Жіліншік қорғаушылар
Қара қысқа спорттық шұлық Қара футбол шұлықтары (ұзын)	Қара қысқа спорттық шұлық Қара футбол шұлықтары (ұзын)
Суға түсуге арналған іш киім	Суға түсуге арналған іш киім
Жүзуге арналған бас киім	Жүзуге арналған бас киім
Жүзу көзілдірігі (міндетті емес)	Жүзу көзілдірігі (міндетті емес)
Шәркей	Шәркей
Монша сүлгісі	Монша сүлгісі
Хаус футболкасы	Хаус жейдесі

ЕСКЕРТПЕ: Егер оқушылар мектеп атынан жарыстарға қатысатын спорт командасына қосылса, олар мектеп дүкенінен қосымша ақыға футбол және баскетбол формаларын сатып алуы керек.



Тамақтану: таңғы ас және түскі ас


Тамақтану: таңғы ас және түскі ас

Мектеп барлық оқушыларды таңғы және түскі аспен қамтамасыз етеді. Таңғы ас та, түскі ас та дұрыс үйлестірілген, көмірсулар мен майлар аз. Батыс және қазақ тағамдары, вегетариандық тағамдар, сондай-ақ сорпа, салат пен десерттер, соның ішінде жаңа піскен жемістер ұсынылады.

Бірге тамақтану мектеп мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Кейде бүкіл мектеп бірге әртүрлі қазақстандық, британдық және

халықаралық мерекелерді атап өтеді.

Оқушыларға мектепке өз тамағын әкелуге рұқсат етілмейді, өйткені біз барлық оқушылардың диеталық қажеттіліктерін ескеріп, аллергиясы бар оқушыларды қадағалап отырамыз. Мектеп мәзірі ата-аналар порталында келтірілген.





Ата-ананың мектеп өміріне қатысуы

Haileybury Almaty ата-аналар қауымдастығы (НРА)

Haileybury ата-аналардың мектеп өміріне қосқан үлесін жоғары бағалайды және ата-аналар оның ризашылығын сезінуі үшін қолдан келгенін бәрін жасайды. Қазір Haileybury ата-аналар қауымдастығы (НРА) деп аталатын ресми ата-аналар қауымдастығы құрылды. Бұл ата-ананың біз үшін маңызды әлеуметтік өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге арналған, өз конституциясымен реттелетін ерекше құрылым. Ата-аналарға арналған қауымдастықты біздің қызметкерлердің қолдауымен ата-аналар басқарады. НРА басқа ата-аналармен кездесуге, бір-бірімізге және біздің қызметкерлерге қолдау көрсетуге және балаларымыз үшін жақсы орта құруға үлес қосуға мүмкіндік береді.

Ата-аналарға арналған НРА-ны ата-аналар басқаратындықтан, ресми және бейресми ортада кездесіп, пікір және тәжірибе алмасуды

қалайтындар үшін көптеген іс-шаралар ұйымдастырылады.

НРА жұмысы туралы қосымша ақпарат [вебсайтымызда](#), НРА бөлімінде келтірілген.

Аудармашылар


Біздің ұжымымызда ата-аналар жиналысы немесе іс-шаралар кезінде ата-аналарға көмектесе алатын бірнеше аудармашы бар.

Біз ағылшын тілінде сөйлейтін мектеп болғандықтан, барлық хат-хабарлар негізінен ағылшын тілінде жіберіледі. Дегенмен, қажет болса, кеңірек аудиторияны қамту үшін басқа тілдерде кейбір бейресми құжаттарды жібереміз. Академиялық қолдау тобы ата-аналарға бұрын аударылмаған құжаттарды аударуға көмектесуге әрқашан дайын.

Бастауыш мектептің есеп беру және бағалау кестесі

Уақыт/күн	Шара	Жалпы ақпарат
1 триместр	Ата-аналар жиналысы	Ата-аналар балаларының мектепке қалай үйренгені туралы мұғалімдермен жеке кездесіп, ақпарат алады.
1 триместр	Аралық есеп	Балалардың үлгерімі және сыныптағы оқу/ үлгерім мен ынтасының қазіргі деңгейі туралы қысқаша ақпарат беріледі. Не істеу керек екендігі айтылады.
2 триместр	Ата-аналар жиналысы	Ата-аналар мен мұғалімдерге балалардың үлгерімі мен тәртібі туралы хабардар болуға мүмкіндік беретін тағы бір іс-шара.
2 триместр	Үлгерім табелі / үлгерім туралы пікір алмасу	Ата-аналарды үлгерім туралы хабардар етуге арналған мұғалімдердің пікірлері берілген үлгерім табелі.
3 триместр	Learning Conference	Жыл соңына дейін тағы бір бетпе-бет талқылау және қорытынды пікірталастар өткізу.
3 триместр	Қорытынды есеп	Жылдың нәтижелерін қорытындылайтын есеп.

Ата-аналар баланың үлгерімін талқылағысы келсе, жыл ішінде кез келген уақытта сынып жетекшісімен қосымша кездесулер жоспарлай алады.



Жоғары мектептің есеп беру және бағалау кестесі

1. Ата-ана жиналыстары

Жоғары мектепте ата-аналар жиналысы барлық сыныптар үшін жыл ішінде бірнеше рет өткізіледі. Бұл жиналыстарда сіз балаңыздың үлгерімін пән мұғалімдерімен, кураторлары және Хаус жетекшілерімен талқылай аласыз.

Барлық сынып оқушыларының ата-аналарына арналған танысу жиналысы күзгі триместрдің басында өткізіледі. Бұл жиналыста сіз балаңыздың кураторы және Хаус жетекшісімен сөйлесу мүмкіндігіне ие боласыз.

Ата-аналарға арналған ақпараттық кештер, сонымен қатар IGCSE жиналыстары пәндерді таңдау бойынша ақпарат пен нұсқаулар беру үшін өткізіледі.

2. Үлгерім табелі

Мектеп баланың әрбір пән бойынша жетістіктері туралы ақпараттарды жүйелі түрде беру өте маңызды деп есептейді. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болу үшін үлгерім табелін пән мұғалімдері толтырады және

ата-аналар порталына шығарады. Әдетте, біз үлгерім табелін әр триместрдің ортасында шығарамыз.

Хаус кураторы сонымен қатар академиялық есептің маңызды тұстарын қорытындылайтын және балаңыздың жеке және әлеуметтік жетістіктері туралы хабарлайтын есеп жазады.

Осы ақпараттың пайдалылығы туралы кері байланыс үшін ата-аналарға алғыс айтамыз. Жазғы триместрде халықаралық емтихан тапсыратын оқушыларға үлгерім табелі берілмейді.

3. Есептер

Әр оқушыға жылына бір толық жазбаша есеп беріледі. Есепте баланың ағымдағы жетістіктері мен дамудың мақсатты бағыттары көрсетілген балаңыздың мұғалімдерінің пікірлері келтіріледі. Хаус кураторы сонымен қатар академиялық есептің маңызды тұстарын қорытындылайтын және балаңыздың жеке және әлеуметтік жетістіктері туралы хабарлайтын есеп жазады.



4. Мектеп емтихандары

Оқушының білімін тексеруге арналған базалық тест әрбір оқу кезеңінің басында өткізіледі. Оны Haileybury-ге түсетін барлық жаңа оқушылар да тапсырады.

Тамыз - Қыркүйек

11 сыныптағы сынама тест

Желтоқсан- Қаңтар

AS Level бойынша сынама тест

Желтоқсан- Қаңтар

A Level бойынша сынама тест

Желтоқсан- Қаңтар

IGCSE емтиханы

Мамыр - Маусым

AS емтиханы

Мамыр - Маусым

A Level емтиханы

Мамыр - Маусым

7-10 сынып оқушыларына арналған мектепішілік емтихандар

Мамыр - Маусым

Мектепішілік емтихандарға қатыспаған оқушылар емтиханды басқа ыңғайлы уақытта тапсырады.





Haileybury Almaty

+7 (727) 355 01 00

reception@haileyburyalmaty.kz

www.haileybury.kz



HaileyburyAlmaty



@haileybury_almaty



Haileybury-Almaty



@HaileyburyKZ



HaileyburyAlmaty

Haileybury Almaty білім берудің барлық аспектілерінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды.